

6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша  
Умитчинова Ботагоз Аспандиаровнаның  
«ЕАЭО-на қатысу жағдайында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша  
Қазақстан Республикасы кеден органдары қызметінің ұйымдастырушылық-  
құқықтық негіздері» тақырыбына  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясына

## АННОТАЦИЯ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Жаһанданудың және халықаралық экономикалық интеграцияның қазіргі заманғы процестері олардың тыныс - тіршілігінің көптеген аспектілерін: экономикалық, саяси, құқықтық, әлеуметтік, мәдени және т.б. қозғай отырып, мемлекеттердің дамуына елеулі әсер етеді. Еуразиялық экономикалық одақ өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде оған мүше мемлекеттердің аумағында сыртқы экономикалық қатынастарды құқықтық реттеудің қағидатты жаңа механизмдерін негіздеді. Қазақстан Республикасының ЕАЭО-ға қатысуының маңыздылығы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы және т. б. сияқты стратегиялық құжаттарда көрініс тапқан. Сыртқы теріс саяси және экономикалық факторлар, бірқатар ұлттық өкілеттіктерден жоғары және мүше мемлекеттер арасындағы тығыз экономикалық байланыстармен, бірыңғай кедендік аумақпен және ішкі шекараларда кедендік бақылаудың болмауымен сипатталатын интеграциялық бірлестіктің табиғаты ҚР ұлттық қауіпсіздігіне бірқатар сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлердің туындауына алып келеді. Осыған байланысты, көрсетілген құжаттарда Қазақстанның одаққа мүшелігі халықаралық интеграцияда ұлттық мүдделерді ілгерілету мен қорғауды, сыртқы экономикалық қызметте экономикалық қауіпсіздік критерийлерін сақтауды, сондай-ақ интеграциялық процестерге қатысу мен ұлттық құзыретте қалуға тиіс мәселелер арасындағы теңгерімді сақтауды қамтамасыз етуі тиіс екендігі айқын белгіленген.

Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері интеграциялық бірлестіктің жұмыс істеуінің нысаналы бағытын сақтаумен және одаққа мүше мемлекеттердің әрқайсысының тең ұлттық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шешумен тығыз байланысты. Қаралып отырған мәселені шешуде ЕАЭО қатысушыларының кеден органдары маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасы кеден органдарының өз құзыреті шегінде ұлттық, экономикалық қауіпсіздікті және егемендікті қорғауды қамтамасыз етуі ЕАЭО және ҚР кеден заңнамасында бекітілген негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Өз қызметтерін жүзеге асыра отырып, кеден экономикалық, қоғамдық, әскери, экологиялық және ұлттық қауіпсіздіктің басқа түрлерін қамтамасыз етуге қатысады. Мемлекет

басшысы Қ.К. Тоқаев қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайға байланысты 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде мемлекеттік бюджетті толықтыруда маңызды рөл атқаратын және сол арқылы мемлекеттегі тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз ететін кеден органдарының маңызын және «кеденде тәртіп орнату» қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, қазіргі жағдайда кеден органдарының қызметтерін «Ұлттық қауіпсіздік – СЭҚ қатысушылары үшін қолайлы жағдайлар жасау» теңгерімін сақтау жағына, сондай-ақ ұлттық мүдделерді сақтай отырып, ҚР ұлттық қауіпсіздігін ғана емес, жалпы өңірлік бірлестіктің және оған мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында трансформациялау жүріп жатыр. Заңнамада бекітілген міндеттерді жүзеге асыру бойынша кеден органдарының қызметтерін орындаудың тиімділігі көптеген ұйымдастырушылық және құқықтық факторларға байланысты, олардың арасында кеден қызметін институционалдық ұйымдастыру маңызды орын алады. 2014 жылы әкімшілік реформа барысында кеден және салық органдары бірыңғай орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне біріктірілді. Кедендік реттеу туралы Кодекске сәйкес кеден органдары «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес фискалдық сипатқа ие бола отырып және құқық қорғау мәртебесін жоғалтқан Мемлекеттік кірістер органдары болып табылады. Сонымен қатар, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кірістер департаменттері қызметінің тиімділігін рейтингтік бағалау Әдістемесін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер органдарының 2020 – 2022 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын талдау, қызметтің стратегиялық бағыттарының жұмыс істеу тиімділігін бағалау және даму кеден блогының барлық салалары бойынша жүргізілмейтінін көрсетеді.

Осылайша, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы жағдайында қазіргі күрделі қоғамдық-саяси жағдайда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің маңыздылығы, бұл ретте кеден органдарының елеулі рөлі, мемлекеттік кірістер органдары ретінде кеден органдары қызметінің тиімділігін талдаудың болмауы таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздейді.

**Зерттеу тақырыбының ғылыми әзірлену дәрежесі.** Ғылыми әдебиетте ұлттық қауіпсіздік институты шетелдік және отандық ғалымдар еңбектерінің әр түрлі салалық және түрлік аспектілері тұрғысында қарастырылды: К. С. Айнабек, Д. Болдуин, Р. О.Бугубаева, А. И. Веруш, В. Н. Верютин, Н. И. Видрицкая, И. Н. Глебов, С. В. Груздов, Ш. М. Жандосова, Н.Ш. Жемпиисова, М. Ю. Зеленков, Д. В. Ирошников, И. Б. Кардашова, М. Ю. Кийко, Е. В. Киричек, В. А. Колокольцева, М. А. Краснова, Ю. В. Кучинская, В. Л.Манилов, А. Р. Михайленко, М. В. Мясникович, Н.С. Нижника, А. В. Опалева, А. А. Прохожева, В. В. Пузикова, Ю.Пузанов, А. С. Рогов, А.А. Самохин, Б. У. Сейтхожин, К. Е. Смағұлов, О. Н. Смолин, А. Г.

Тищенко, Ф. Н. Удычак, Ю. Г. Федотова, К. Холмс, С. Ю. Чапчиков, Е. Т. Шахман, Г. З. Щербаковский, А. В. Шободоева, Е. Г. Шукшина.

Интеграциялық бірлестіктердің құқықтық табиғаты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтық мәртебесі және ұлттан жоғары құқық ерекшеліктері мәселелерін зерттеу жұмысы төмендегі ғалымдардың еңбектерімен жүргізілді: Е. Б. Әбдірасулов, А. С. Айрапетян, Л. П. Ануфриева, К. А. Бекашев, П. И. Болточко, Д. Боуэт, А. С. Бугаева, В. В. Войников, М. В. Ганеева, С. Ю. Глазьев, М.М. Дауленов, Е. Б. Дьяченко, С. К. Идрышева, А. С. Иржанова, А. С. Исполинова, П. А. Калиниченко, А. Я. Капустина, Д. Г. Колос, В. Ю. Лукьянова, А. В. Макаров, Г. А. Машимбаева, Е. В. Миллеров, Т. Н. Нешатаева, Е. Ж. Оралова, П. Пескатор, Р. А. Петров, Й. Поллак, М. Розмус, Н.Т. Сагимульдина, Р. К. Сарпеков, М.А. Сәрсембаев, В. Х. Сейтимова, А. Скрбика, Н. А. Соколова, А. Е. Суглобов, А. Н. Талалаев, В. В. Тельнов, И. В. Тененева, И. Топ, М. Уолцзак, М. Н. Урда, К. Л. Чайка, В.Е.Чиркин, С.В.Шевелева, В.В.Шишков, О.Н.Шпакович, В.М.Шумилова, Л.В.Щур-Труханович, К.В.Энтин, М.Л.Энтин.

Кеден органдары қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздері, халықаралық кеден құқығы қатынастарына арналған жұмыстар: М. Адамив, С. Т. Алибеков, С. Анишевский, Е. И. Антонова, Т. И. Белоусова, С. Л. Блау, О. Г. Боброва, Д. С. Власенко, С. Н. Гармонников, П. П. Глущенко, Р. В. Давыдов, О. М. Долидович, К. Кетнерс, М. Кидд, Ю. Г. Кисловский, В. В. Коварда, А. Ю. Кожанков, Д. Ж. Коровяковский, У. Крэнделл, Н.Б. Куроптев, Р. А. Лаптев, А. С. Логинова, Г. В. Матвиенко, Г. А. Мензюк, М. Петерсане, М. Полнер, Ж. Г. Попкова, Р. Ю. Почекаев, Р. А. Рогов, Л. М. Сатанова, А. Ю. Соломеин, В. Сроки, Е. Н. Старовойтова, И.Е. Ткаченко, Н.А. Тынникова, А. С. Хлуднева, А. И. Шалтыкова, Т. Ясуи.

Диссертациялық зерттеудің жекелеген аспектілерінің әзірленгеніне қарамастан, кеден органдарының рөлі мен маңызы, олардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігі жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздері мәселелері отандық құқық ғылымында іс жүзінде қаралмады. Сондай-ақ ұлттық, оның ішінде экономикалық қауіпсіздікті және егемендікті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін орындау бойынша Мемлекеттік кірістер органдары ретінде кеден органдарының жұмыс істеу тиімділігіне жүйелі және кешенді талдау жоқ. Жоғарыда айтылғандар зерттеу жұмысының нысанын, тақырыбын, негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері** Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу жағдайында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы кеден органдары қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерін жүйелі және кешенді зерттеуден және осы негізде Қазақстан Республикасы кеден органдарының интеграциялық бірлестік аясында ұлттық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуі бойынша жұмыс істеуін құқықтық реттеуді жетілдіру арқылы теориялық ережелер мен практикалық ұсынымдарды әзірлеуден тұрады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай **міндеттерді** шешу қажет:

- ұлттық қауіпсіздік санатының ұғымы мен мәнін ашу және оны Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету тұрғысынан қарау;

- еуразиялық интеграцияға қатысушы ретінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі қауіптер мен сын-қатерлерді анықтау;

- ЕАЭО жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмінің негізгі элементтерін сипаттау;

- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету органдары жүйесіндегі кеден органдарының орнын анықтау;

- ЕАЭО-ға мүше болу жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кеден органдарының құзыреті мен өкілеттіктерін талдау;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кеден органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылының негізгі бағыттарын ашу;

- шетелдік тәжірибе негізінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметте кеден органдарын институционалдық ұйымдастырудың рөлі мен маңызын негіздеу;

- Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу жағдайында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеу.

**Зерттеу нысаны** ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметі саласындағы қоғамдық қатынастар кешені болып табылады.

**Зерттеу пәні** ұлттық заңнама, ЕАЭО заңнамасы мен кеден органдары қызметінің жұмыс істеуін және институционалдық ұйымдастырылуын айқындайтын халықаралық құқықтық актілер; мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кеден органдарын ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі болып табылады.

**Зерттеу әдіснамасы.** Диссертациялық зерттеудің мақсатына жету және қойылған міндеттерді шешу жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістерге негізделген. Зерттеудің жалпы ғылыми әдістері ретінде танымның диалектикалық әдісі, процестер мен нормативтік-құқықтық материалдарды талдау, мемлекеттік кірістер органдарының авторлық ұйымдық-құқықтық құрылымын жасауда синтез, модельдеу, болжау, жалпылау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелердің дұрыстығы ақпаратты өңдеудің статистикалық әдістерін (кедендік төлемдер мен салықтарды өндіріп алу статистикасы және т.б.), әлеуметтанушылық әдістерді (сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға сауалнама жүргізу) қолданумен расталады.

Арнайы-заң әдістері ретінде диссертацияда қолданылатын негізгі ұғымдар мен институттарды сипаттау, жалпылау және жүйелеу үшін

формалды-заң әдісі; ұлттық қауіпсіздік түсінігін трансформациялауды талдау, Қазақстан кеден қызметінің даму тарихына шолу жасау кезіндегі тарихи-құқықтық әдіс; еуропалық және еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процестердегі ұқсастықтарды және айырмашылықтарды анықтау құралы ретінде салыстырмалы-құқықтық әдіс, шет мемлекеттердің, ЕАЭО-ға қатысушылардың кеден органдары қызметінің ұйымдық-құқықтық негізі, Одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары қызметінің нормативтік-құқықтық негізі қолданылды.

**Зерттеудің теориялық негізін** ұлттық қауіпсіздік, интеграциялық құқық, ұлттық оғаннан жоғары құқық, кеден құқығы, халықаралық кеден құқығы теориясы, шет мемлекеттердің кеден органдары қызметінің институционалдық және ұйымдық-құқықтық негіздерін зерттеу саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі ғылыми еңбектері құрады. Жұмыста таңдалған мәселелер бойынша ғылыми мақалалар мен қолданбалы зерттеулер қолданылды.

**Зерттеудің эмпирикалық негізі** Дүниежүзілік банктің халықаралық рейтингтерінің деректері, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің статистикалық деректері, Еуразиялық экономикалық комиссияның, Дүниежүзілік кеден ұйымының талдамалық материалдары мен шолулары, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға жүргізілген сауалнаманың талдауы болды.

**Зерттеудің нормативтік негізін** халықаралық шарттардың, оның ішінде ЕАЭО шеңберінде жасалған шарттардың, Одақтың нормативтік-құқықтық актілерінің, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңдары мен заңға тәуелді актілерінің ережелері құрады.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы** Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болу жағдайында Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асыру бойынша Мемлекеттік кірістер органдары ретіндегі Қазақстан Республикасы кеден органдары қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерін кешенді зерттеуден тұрады. Диссертациялық жұмыста зерттеулер негізінде одақ жағдайында ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмі анықталды және ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмі мен жүйесіндегі кеден органдарының орны мен рөлі көрсетілді.

Автор кеден органдарын институционалдық ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін және оның мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің нәтижелілігіне әсерін жинақтады. Жүргізілген зерттеу нәтижесі ретінде диссертация ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттарын және ҚР ҚМ МКК құрылымының авторлық көзқарасын ұсынды.

#### **Қорғауға шығарылатын ережелер:**

1. Қазақстанда «Ұлттық қауіпсіздік» санатының трансформациясы саяси қайта құрулармен және тиісінше сол немесе өзге тарихи кезеңдегі ұлттық басымдықтар және мүдделермен бірге жүргізілді. Кеңес дәуірінде

қауіпсіздік ұғымы мемлекеттік қауіпсіздікпен байланысты болды, онда коммунистік идеология мен кеңестік жүйені қорғау басты орынға шықты. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, елдің алдында егемендікті, конституциялық құрылысты және аумақтық тұтастықты сақтау міндеті тұрған кезде Ұлттық қауіпсіздік елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғау жағдайы ретінде айқындалды. Жұмыста атап өтілгендей, қолданыстағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңда Ұлттық қауіпсіздік объектілерін құқықтық қорғау бағыты, ең алдымен, адамның, азаматтың, қоғамның, содан кейін мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағына өзгертілді. Алайда, Заңның 1-бабында бекітілген осы Тұжырымдаманың анықтамасы Ұлттық қауіпсіздік объектілерінің басымдылығы бөлігіндегі кіріспемен дәл сәйкес келмейді. Осыған байланысты, ұлттық қауіпсіздіктің мәні мен мазмұнын қазіргі заманғы түсінуге негізделе отырып, оның авторлық анықтамасы ұсынылады: *«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі».*

2. Диссертациялық зерттеуде Еуразиялық экономикалық одаққа мемлекеттің қатысуына байланысты оның құқықтық табиғатынан туындайтын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлер мен сын-тегеуріндер анықталды, олардың ішінде – егемендікті шектеу қатері; экономикалық мүдделерге төнетін қауіп-қатерлер; трансшекаралық қылмыстардың, әсіресе контрабанданың таралуына байланысты экономикалық, қоғамдық, әскери қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлер, сыртқы және ішкі кедендік шекаралардың болмауы. Халықаралық интеграциялық ұйымдарға мемлекеттің қатысуы жағдайында егемендікті шектеу мәселелерін қарастыра отырып, диссертант ЕО мен ЕАЭО шеңберіндегі интеграциялық процестер контекстінде егемендік пен ұлттық деңгейден жоғары арақатынасын келтірді. Жұмыста Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделері мен экономикалық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлер, бір жағынан, одаққа қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының біртектілігі, екінші жағынан, Ресей-Украина қақтығысы аясында күшейген Ресей Федерациясы мен Беларуське қатысты экономикалық санкциялармен байланысты екендігі атап өтілді. Жалпы сыртқы кедендік шекаралар және жалпы кедендік аумақ трансұлттық қылмыстың таралуынан, атап айтқанда айналымнан алып қойылған заттардың немесе айналымы шектелген заттардың экономикалық контрабандасының қауіпін күшейтетін фактор болып табылады. Диссертация авторы ЕО мен ЕАЭО-дағы шекаралардың ашықтығы жағдайында трансшекаралық қылмыспен күрестің құқықтық құралдарының айырмашылықтарын анықтады.

3. Зерттеу процесінде ЕАЭО-ға мүшелік жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмі туралы түсінік қалыптастырылды және ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

механизмінің базалық институционалдық элементі ретінде кеден органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары жүйесіндегі орны анықталды. Қазақстанның одаққа қатысуы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдарынан, нормативтік-құқықтық негіздерден және құралдардан тұратын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмінің мемлекетішілік және халықаралық (интеграциялық бірлестік деңгейінде) деңгейлерін негіздеді.

ҚР кеден органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизміндегі орны мен рөлін айқындау мақсатында одақтың кеден заңнамасында және мемлекеттердің ұлттық кеден заңнамасында бекітілген іс жүзінде бірдей міндеттер мен функцияларды жүзеге асыратын ЕАЭО қатысушылары кеден органдарының әкімшілік-құқықтық мәртебесіне салыстырмалы талдау жүргізілді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер кеден органдарының негізгі міндеттері ұлттық қауіпсіздікті қорғау, өз құзыреті шегінде егемендікті және экономикалық қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Аталған міндеттер мен қызметтер Қазақстанның кеден органдарынан басқа, мемлекеттік кірістер органдары ретінде фискалдық сипатқа ие кеден органдарының құқық қорғау мәртебесімен қамтамасыз етіледі. Осылайша, диссертанттың пікірінше, ҚР кеден органдарының институционалдық ұйымы ЕАЭО және ҚР кеден заңнамасымен жүктелген ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруға толық көлемде ықпал етпейді.

4. Кеден органдарының ҚР ұлттық қауіпсіздігін және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді қорғауға тікелей бағытталған кеден органдарының негізгі қызметтерін – фискалдық қызметті, кедендік бақылауды, экспорттық бақылауды жүзеге асыруды, ЕАЭО кедендік аумағындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауды талдау арқылы ЕАЭО-ға мүшелік жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша құзыреті мен өкілеттіктері айқындалды. Аталған функциялар өзара байланысты және бірден ұлттық қауіпсіздіктің бірнеше түрін – экономикалық, қоғамдық, әскери, экологиялық және т.б. қамтамасыз етуге бағытталған. Жұмыста қазіргі кезеңде ЕАЭО – ға қатысуға байланысты және «ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету-сыртқы экономикалық қызметке жәрдемдесу» теңгерімін сақтау мақсатында кеден органдары функцияларының трансформацияланғаны негізделген. Бірыңғай экономикалық кеңістік және тиісінше жалпы процестерді жүзеге асыру (мысалы, кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке алу және бөлу механизмі), бірыңғай кедендік аумақ Одақтың барлық мүшелерінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге интеграциялық бірлестіктің әрбір мүшесінің кеден органдары қызметтерін орындау тиімділігінің әсерін негіздейді.

5. ЕАЭО аумағындағы бірыңғай кедендік реттеу ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау үшін мүше мемлекеттердің кеден органдарының тиімді өзара іс-қимылының маңыздылығын негіздейді. ЕАЭО Кеден кодексінің КО Кеден кодексінен айырмашылығы кеден органдарының өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін едәуір кеңейтеді (КО КК-де

өзара іс-қимыл тек өзара әкімшілік көмекті жүзеге асыруға ғана қысқарды), ынтымақтастықтың жекелеген тәсілдерін жеткілікті түрде егжей-тегжейлі реттейді (КО КК нормалары мемлекеттердің халықаралық шарттарына сілтеме сипатта болды - сондай-ақ ЕАЭО КК бірқатар жаңа енгізілімдері кеден органдарының өзара іс-қимылын іске асыруды айтарлықтай оңайлатады (кеден органдарына алдын-ала ақпаратты, оның ішінде электрондық құжат түрінде ұсыну кеден органдарының ақпараттық жүйелерінен, сондай-ақ мемлекеттердің мемлекеттік органдарының (ұйымдарының) ақпараттық жүйелерінен кедендік операцияларды жасау үшін қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігін - кедендік декларациялауды электрондық нысанда жүзеге асыру және т.б.).

Диссертация ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара іс-қимылын нормативтік-құқықтық, технологиялық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің жеткілікті деңгейін көрсетеді, сонымен бірге одақ елдерінің кеден қызметтерін ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етудің әртүрлі деңгейіне байланысты бірқатар проблемаларды көрсетеді.

6. Шетелдік тәжірибе негізінде мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруда кеден органдарын институционалдық ұйымдастырудың рөлі мен маңызы көрсетілген. Автор атап өткендей, нақты функционалды мақсаты, салыстырмалы тәуелсіздігі, тәуелсіз мемлекеттік органдар ретінде жұмыс істейтін кеден органдары қызметінің мақсатты сипаты оларды әлемде кең таралған және тиімді етеді. Осы топқа кіретін және әлемдік рейтингтердің жоғарғы қатарында орналасқан Сингапур, Германия, Оңтүстік Корея кеден қызметтерінің қызметін талдау, кеден органдарын институционалдық ұйымдастырудың мұндай түрі, кеден органдарының экономикалық, қоғамдық, экологиялық, әскери және ұлттық қауіпсіздіктің өзге де түрлерін қамтамасыз етуге бағытталған барлық негізгі қызметтердің тең дәрежеде орындалуын қамтамасыз ететінін айтуға мүмкіндік береді.

Кеден және салық органдарының бірыңғай мемлекеттік кірістер органында жұмыс істеуі ғылыми сарапшылар мен практиктерге бірдей баға бермейді. Жұмыста кеден және салық органдарының жұмыс принциптері мен функционалдық мақсаттарындағы айтарлықтай айырмашылықтар осы екі қызметтің толық бірігуінің тиімсіздігін анықтайды деген қорытынды жасалды. Демек, тек фискалдық емес, сонымен қатар кеден қызметіне тән ерекше қызметтерді толыққанды жүзеге асыру үшін экономикалық қызметпен қоса, ұлттық қауіпсіздіктің басқа түрлерін де (фискалдық функцияны жүзеге асыру кезінде) қамтамасыз ету үшін екі қызметтің белгілі бір дербестігін сақтай отырып, ең алдымен ақпараттық инфрақұрылым мен қосалқы органдарды (қызметкерлерді, органның бюджетін, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді басқару) «ақылға қонымды» интеграциялау талап етіледі.

7. Ішкі (жоғары тұрған органдарды бағалау) және сыртқы (халықаралық рейтингтер, СЭҚ-қа қатысушыларды бағалау және т.б.)



бағалау құралдары арқылы Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмыс істеу тиімділігінің деңгейін зерттеу авторға Одаққа мүше болу жағдайында ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызметіндегі кейбір кемшіліктер туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Әлемдік оң тәжірибеге сүйене отырып, жетілдірудің мынадай бағыттары айқындалды: кеден органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тікелей бағытталған бақылау функцияларын жүзеге асырудың тиімділігін арттыру; кеден органдарының қызметін институционалдық ұйымдастыруды жетілдіру; инфрақұрылымдық және техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру; кеден органдарының СЭҚ қатысушыларымен ынтымақтастық тетіктерін жетілдіру және т. б.

ҚР кеден органдары қызметінің нәтижелілігін арттыру үшін олардың міндеттерін орындау үшін, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шешуді талап ететін мәселелерді зерделеу мақсатында диссертант сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардан сауалнама жүргізді, онда төмендегі тұжырымдар анықталды:

- кеден органдарының бизнес-қауымдастықпен өзара іс-қимылының жеткіліксіз деңгейі мен сапасы, ол ҚР ҚМ МКК ресми ресурстары контентінің сапасының төмендігінен, кеден органдары қызметкерлерінің жұмыс сапасына және кері байланыс жылдамдығына қанағаттанбауынан көрінеді;

- бағдарламалық, құқықтық қамтамасыз етудегі олқылықтар және «Астана – 1» ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуінің техникалық іркілістері, кедендік бақылауды жүргізу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің жетілмегендігі;

- мемлекеттік кірістер комитетінің құрылымдық бөлімшесі ретінде электрондық декларациялау орталығының жұмысындағы кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыста кеден органдарының институционалды ұйымы осы органдар қызметінің негізгі мақсаттары мен міндеттері және функционалдық бағыттарымен тікелей байланысты екендігі баса айтылған.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы** Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болу жағдайында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмыс істеуі мен қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерінің теориялық ережелерін жүйелеуден, жинақтаудан және тереңдетуден тұрады. Диссертацияда баяндалған тұжырымдар мен ұсынымдар кеден органдарының мемлекеттік кірістер органдары ретінде ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруының тиімділігі туралы түсінік береді және осы саладағы одан әрі зерттеулер үшін негіз бола алады.

**Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы** диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жасаған ұсыныстарын, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға жүргізілген сауалнаманың нәтижелерін ҚР мемлекеттік кіріс органдарының қызметін институционалдық және функционалдық ұйымдастыруды жетілдіру, кеден

органдары мен бизнес-қоғамдастық арасында ашық және айқын өзара қарым-қатынас орнату, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін пайдалану мүмкін екендігінде болып табылады.

Диссертацияның бірқатар ережелері мемлекеттік кірістер департаменттері қызметінің тиімділігін рейтингтік бағалау әдістемесін және ҚР мемлекеттік кірістер органдары дамуының басым бағыттары мен стратегиялық мақсаттарын әзірлеу кезінде ескерілуі мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың материалдары «Кеден құқығы», «ЕАЭО кеден құқығы» және т. б. пәндерді дайындау және оқыту кезінде оқу процесінде қолданылуы мүмкін.

**Жұмыс нәтижелерін апробациялау.** Диссертациялық зерттеуде баяндалған негізгі ережелер, қорытындылар мен ұсыныстар төмендегі журналдарда жарияланған мақалаларда көрсетілген: 1) Web of Science Core Collection және Scopus – «Legal nature and transformation of the national security concept in the context of global challenges of the present (on the example of the Republic of Kazakhstan)» // International Journal of Electronic Security and Digital Forensics, Vol. 14, No. 3, 2022; 2) КОКСОН ҚР БҒМ ұсынған журналдарда - Еуразиялық заң журналы, 2018 ж., 2019 ж.; Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Құқық сериясы, 2019 ж.; Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы, 2019 ж.; ҚР заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы, 2019 ж.; 3) Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың нәтижелері бойынша жарияланған мақалаларда – «Заңнаманы және құқық қолдануды жетілдірудің өзекті мәселелері», Мәскеу қ., 2017 ж. желтоқсан; «Халықаралық Сот төрелігі және интеграциялық байланыстарды нығайту»; ЕАЭО сотымен ұйымдастырылған, Минск қ., қазан, 2018 ж.; «Қазіргі жастар және Ресейдегі және шетелдегі экстремизм мен терроризмнің мәселелері», Горно-Алтайск қ., 2019 ж.; Қазақстан-Американдық еркін университеті ұйымдастырған халықаралық-практикалық конференциялар; 4) «Қазіргі Ресей және әлем: дамудың баламалары («жұмсақ күш» ресурстары: мемлекеттік және мемлекеттік емес ресурстарды пайдалану тәжірибесі)», Барнаул қ., 2018 ж.

Диссертанттың СЭҚ қатысушылары арасында жүргізген сауалнама нәтижелері ҚР ҚМ МКК ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде таныстырылды.

**Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері мен логикасына байланысты және кіріспеден, сегіз бөлімшені құрайтын үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.